

Ө.О. Тұяқбаев*  З. Шадкам , Н.Н. Кайранбаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: omirabuali@gmail.com

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ МҰРАСЫ – «АСРӀР АЛ-АТИББӀ»

Белгілі ақын, жиһангер, философ Насир Хусроу (1004–1088) алғаш Дешті Қыпшақ деп атаған Түркілер жері – далалық және қалалық мәдениеттің бесігі болды. Дешті Қыпшақ даласынан өткен Жібек жолы түрлі жұрттың озық өнерін, кәсібін, ғылымын, мәдениетін өзара алмасуға, үйренуге үлкен ықпал еткені белгілі. Түркі даласын кесіп өткен «Жібек жолы» түрлі жұрттың озық өнерін, кәсібін, ғылымын, мәдениетін өзара алмасуға, үйренуге үлкен ықпалын тигізді. Соның ішінде сауда жолы бойындағы қалаларда емшілік өнерінің, дәрі-дәрмек жасау кәсібінің арнасы кеңейіп, бірнеше халықтың тәжірбиелерімен дами түсті. Жазба дерек беттеріндегі шығыстық медицина мәліметтері, ортағасырлық медициналық, энциклопедиялық көп трактаттар осының айғағы.

Ортағасырларда үнемі даму үстінде болған емшілік дәстүр өз кезеңіндегі шығармаларда хатталатындықтан, біз әр көне шығарма зерттеуге лайық деп білеміз. Түркі тіліндегі шығармалардың басым көпшілігі парсы немесе арап тілінен аударылғаны тарихтан мәлім. Ал мақалада түркі тілінен парсы тіліне аударылған «АсрӀр ал-атиббӀның» («Емшілер сыры») және басқа да ортағасырлық медициналық трактаттардың дала медицинасына қатысты деректік маңызы талқыланады.

Түйін сөздер: Дешті Қыпшақ, халық емшілігі, ортағасырлық медициналық трактаттар, түркі медицинасы, «АсрӀр ал-атиббӀ», «Таңсұқ-нәме».

O. Tuyakbayev*, Z. Shadkam, N. Kairanbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: omirabuali@gmail.com

«Asrār al-atibbā» – the heritage of medieval turkic medicine in the persian language

"Dasht-i Qypchak", which the famous poet, philosopher Nasir Khusrow (1004-1088) first called the Land of the Turks, was the cradle of nomadic and urban culture. It is known that the "Silk Road", which passed through the "Dasht-i Qypchak", had a great influence on the mutual exchange and development of the advanced art, profession, science and culture of different peoples. Among them, in the cities along the trade route, the art of medicine and the profession of medicine making expanded and developed through the exchange of experience of several peoples. The proof of this is the information about oriental medicine on the pages of written sources, many medieval medical and encyclopedic works.

Since in the Middle Ages the developing medical tradition was constantly recorded in the works of its time, and we believe that each ancient work is quite worthy of study. It is known from history that most of the works in the Turkic language were translated from Persian or from Arabic. In the article we study "Asrār al-atibbā" ("The Secret of the Healers") and other medieval medical treatises translated from Turkish into Persian, and their source study significance in steppe medicine.

Key words: Desht-i Qypchak, folk medicine, medieval medical treatises, Turkic medicine, "Asrār al-atibbā", "Tansūq-nāme".

Ө.О. Туякбаев*, З. Шадкам, Н.Н. Кайранбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: omirabuali@gmail.com

**«Асрәр Аль-Атиббә'» – наследие средневековой
тюркской медицины на персидском языке**

«Дешт-и Кыпчак», которую известный поэт, философ Насир Хусров (1004-1088) впервые назвал земля тюрков, была колыбелью кочевой и городской культуры. Известно, что «Шелковый путь», проходивший через «Дешт-и Кыпчак», оказал большое влияние на взаимный обмен и освоение передового искусства, профессии, науки и культуры разных народов. Среди них, в городах вдоль торгового пути, искусство врачевания и профессия изготовления лекарств расширились и развивались благодаря обмену опытом нескольких народов. Доказательством тому служат сведения о восточной медицине на страницах письменных источников, многих средневековых медицинских и энциклопедических трудов.

Поскольку в средние века развивавшаяся врачебная традиция постоянно фиксировалась в трудах своего времени и мы считаем, что каждое древнее произведение вполне достойно изучения. Из истории известно, что большинство произведений на тюркском языке были переведены с персидского либо с арабского. В статье мы изучаем «Асрар ал-атибба» («Тайна целителей») и другие средневековые медицинские трактаты, переведенные с тюркского на персидский язык, и их источниковедческое значение в степной медицине.

Ключевые слова: Дешт-и Кыпчак, народное врачевание, средневековые медицинские трактаты, тюркская медицина, «Асрәр ал-атиббә'», «Тансүк-нәме».

Кіріспе

Ортағасырлық шығыс медицинасының тарихы, фармакологиялық білімдері ғалымдардың қызығушылығын ұзақ уақыттан бері тудырып келеді және соңғы уақытта елеулі зерттеулердің нысанына айналып келеді. Десе де, медицина дамыған Мауераннахр мен Хорезм аумағында жазылған көптеген парсы, түркі медициналық трактаттар әлі де толыққанды зерттелмей, ғылыми айналымға ене алмай жатқан жайы бар. Орта Азияда жазылған медициналық еңбектердің көпшілігі алғаш арап тілінде жазылса, XII ғ. бастап парсы тілінде жазыла бастады. Ал түркі (шағатай, ескі қыпшак) тіліндегі медициналық еңбектер нақты қай кезеңнен бастап жазыла бастады деген сұрақтың жауабы әлі де басы ашық күйінде қалып тұр. Бұл сұрақтың нақты жауабы болмауының басты себебі бар: біріншісі, түркі тіліндегі медициналық трактаттардың толық зерттелмеуі; екіншісі, медициналық мұралардың аз сақталуы.

Осы себептен болса керек, Ұлы даланың ортағасырлық медициналық мәдениеті арнайы зерттеуге әлі де болса алына қойған жоқ. Дала медицинасы кешенді зерттелмесе де, С.Х. Субханбердин (Субханбердин, 1967), А. Арцишевский (Арцишевский, 2006), Ә.Т. Төлеубаев (Төлеубаев, 2006), В. Переверзев (Переверзев,

2002), Г.К. Аалиева (Аалиева, 2017), А. Афанасьева (Afanasyeva, 2010) сынды бірқатар зерттеушілердің халық медицинасына әлеуметтік, саяси, мәдени және экономикалық дамудың бір көрінісі, мәдени генезис процесінің бөлігі және адамның бейімделуінің әлеуметтік-мәдени механизмдерінің бірі ретінде шолып өткен еңбектері бар.

Шетелдік ғалымдара арасында А. Бодроглетти (Bodroglieti, 1973), К. Элгуд (Elgood, 1970), А. Крие (Kriye, 2014), Л. Кароли (Károly, 2014), Ф. Алекберли (Alakbarli, 2006) еңбектерінде халықтық медицинаны этнологиялық тұрғыдан қарастырылып, бірқатар түркі тіліндегі жазба мұраларды ғылыми ортаға ұсынады. Мысалы, Уппсала университетінің профессоры Л. Кароли 2000–2002 жж. шайбандық Субхан-кули ханның медициналық трактаттары бойынша: «Sayyid Subhān Qulī Muḥammad Bahādur kān orvosi traktātuma» («Сайид Субхан-кули Мұхаммед Бахадур ханның медициналық трактаты») тақырыбында кандидаттық диссертация жазды. Диссертациясында аталған шағатай тіліндегі трактатқа мәтінтанулық зерттеу жүргізді. Зерттеуші К. Элгуд өзінің монографиясында («Safavid Medical Practice») XV–XVIII ғғ. сефевиттер медицина өнері мен практикасының тарихын баяндайды, оқырмандарды қыруар деректермен таныстыра отырып, әр аймақтағы халықтардың мәдени байланыстарын

ашықтайды. Парсы және арап тілдерін жетік меңгергені арқасында ол Таяу Шығыстағы және Орта Азиядағы медициналық еңбектерді түпнұсқа қолжазбаларынан зерттейді. Түрік зерттеушісі А. Крие PhD докторлық диссертациясында Анадолы және Түркістан түріктерінің (ұйғырлар) медициналық дәстүрлері мен мәдениетін салыстыра отырып, этнографиялық материалдар негізінде олардың сабақтастығын, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін зерттеді. Профессор және 200-ден астам ғылыми еңбектердің авторы Ф. Алекберли оннан астам ортағасырлық медициналық шығарманы зерттеп, ғылыми ортаға таныстырды. Оның еңбектерінде Камал әл-Кашанидің «Аруах әл-аджсәд» (XIV ғ.), Муртаза Галу хән Шамлұдың «Хирга» (XVII ғ.), Абу әл-Хасан Марағидің «Муаллиджәт-и мунфарида» (XVIII ғ.) шығармалары алғаш рет ғылыми тұрғыда қарастырылады. Адамзат өркениетіне өзіндік үлесін қоса білген көшпелі халықтардың этномедицинасын бұл ғалымдар әлемдік медициналық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі ретінде таныстырады.

Көне түркілердің емшілік өнерлері жоғары деңгейде болғанынан антик авторлары шығармаларында; Геродоттың (484–425 б.з.д.) «Тарих», Гиппократтың (460–370 б.з.д.) «Ауа, су және жергілікті жерлер туралы», Теофрасттың (371–287 б.з.д.) «Су туралы», Плинийдің (б.з. 22–79 жж.) «Шынайы тарих» және Пелагонийдің (б.з. IV ғ.) «Ветеринарлық өнер» туралы еңбектерінде айтылады. Олардың шығармаларында сақ, сармат тайпалардың емшілік өнерлері туралы үзік-үзік мәліметтер кездеседі. Мысалы, ежелгі грек дәрігері Гиппократтың «Ауа, су және жергілікті жерлер туралы» атты еңбегінде сақтар арасында жиі кездесетін буын аурулары, жамбас ұршығының мүжілуі және ат үстінде ұзақ жүрудің салдарынан болатын ақсақтық аурулары және оның емі жайлы айтылады. Гиппократтың жазбаларында сақтардың қан алу дәстүрі туралы былай баяндалады: «... олар құлақтың артындағы екі тамырдан қан алады, қан тоқтаған кезде адам әлсізденіп, ұйықтап қалады» (Воробьев, 2005: 13; Гиппократ, 1936: 280). Геродот скифтер арасында емшілікпен арнайы айналысқан емшілердің болғаны туралы хабарлайды. Көне Грек, Рим деректерінде скифтердің әртүрлі дәрілік өсімдіктерді қолданғаны туралы айтылады. Плиний мен Теофраст римдік

тер гректер «скиф шөптері», скиф тамыры» деп аталатын емдік шөптерді кең қолданғанын, сауда жолдарымен әрі-бері тасымалданғанын жазады. Рим ветинары Пелагониус те грек және рим дәрігерлері «скиф шөптерін» дәрі-дәрмек өндіру үшін кеңінен қолданғанынан хабар береді. «Сикф шөптері» арасында иіртамыр (халық атауында – татар шөбі), кирказон тамыры мен понтикалық шандра аталады (Мирский, 2005: 12).

Дала қазақтарының медицинасында да емдік шөптер кең қолданылғаны және емшілік практикасында басымдыққа ие болғаны жайлы орыс тарихшылары мен этнографтары А.Е. Алекторов (Алекторов, 1886), А.И. Васильев (Васильев, 1902), И. Лосев (Лосев, 1875) өз еңбектерінде баяндаған. Қазақтардың халықтық медицинасында қолданылатын бірқатар дәрілік өсімдіктер мен одан жасалған дәрілермен емдеу жолдары, дайындау әдістері жайлы 1841 жылы қазақ даласына арнайы экспедициямен келген орыс штаб-дәрігері А.Ямгин көп мәлімет қалдырған. Автордың айтуынша, ем-дом шарасында қазақтар дәрілік шөптерді жиі қолданған (Ягмин, 1845: 62). Дала емшілері – оташы, жарашы, сынықшы, бақсылардың емдеу шаралары Ш. Уәлихановтың мақалаларында да сипатталады (Уәлиханов, 1985).

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Тарихтың тереңінен тамыр тартқан, түркі халықтарының мәдениетімен бірге жасасып келе жатқан емшілік дәстүрі ортағасырлық түрлі деректерде хатталған. Солардың арасында парсы тілінде жеткен ортағасырлық медициналық еңбектерді ерекше етеп өтуге болады. Ол деректер халық этнографиясын, этномедицинасын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, тілін, дүниетанымын зерттеуде таптырмас дерек болары анық. Жалпы, медициналық шығармалардың ғылыми құндылығын анықтай түсу үшін, әр шығарма жеке-жеке зерттелуі керек. Сондықтан бұл мақалада ғылыми ортада өте аз зерттелген ортағасырлық шығарма «Асрәр ал-атиббә'» трактатын қалың оқырманға таныстыру мақсаты қойылды. Мақалада аталған шығарма қашан, қайда, қандай жағдайда жазылды және қайда сақталды деген сұрақтарға жауап беріледі.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада отандық және шетелдік ғалымдардың этномедицина және деректері жайлы зерттеулеріне, ортағасырларда Мәуереннаһрда жазылған медициналық шығармаларға шолу жасалады. Жазба деректердің құндылығын, деректік маңызын аша түсу үшін жинақтау, сараптау, салыстыру, жүйелеу сияқты жалпығылыми әдістермен қатар, пәнаралық әдістер де қолданылды. Түрлі кітап қорларында сақталған қолжазбалардың ақпараттық мүмкіндіктерін ашуда қосалқы тарихи пәндердің деректанулық: палеографиялық, кодикологиялық, эвристика, библиография, т.б. әдістер мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды.

Нәтижелері мен талқылама

Орта Азияда жазылған медициналық трактаттар. Орталық Азияда жазылған медициналық трактаттардың басым көпшілігі XIV–XVII ғасырлар еншісіне тиеді, нақтырақ Әмір Темір негізін салған мемлекет билігі (1370–1507 жж.) тұсына дәл келеді. Әмір Темір мен ұрпақтары билігі тұсында Орталық Азияға Шам, Иран, Индия және басқа да өңірлерден Наср ад-дін Түсей, Фазл Аллах ат-Табрйзй, Мауләна Джамәл ад-дйн, ‘Изз ад-дйн Мас‘уд аш-Ширәзй, Бурхән ад-дйн Нафйс ал-Кирмәни секілді танымал дәрігерлер әкелініп, көптеген емханалар, оқу орындарын ашыла бастады. Нәтижесінде өңірде шөптік дәрілермен, жануарлар өнімдерімен емдеу медицинасы дамып, Мансұр ибн Мухаммад ибн Ахмад ибн Иүсүф ибн Факйх Илиәс (еңбектері «Тибб-и Мансұрй» деген жалпы атпен танылды), Наджйб ад-дйн Самарқәндй («ал-Асбәб уа ал-Аламәт», «Шарх ал-Мүджаз» шығармаларының авторы) сынды мауареннаһрлық дәрігер ғалымдар қатары көбейді. Өңірден шыққан танымал ғалымдардың қатарында Иүсуф ибн Иүсуф ат-табйб ал-Хирауидй (1544 ж. қ.б.) атаса болады. Захир ад-дин Бабырдың жеке дәрігері болған, Әлішер Науаи негізін салдырған Гераттағы «Дар аш-шифа» медресесінде тәлім алған Иүсүфтің «‘Йләдж ал-амрәз» («Аурулардың емі»), «Джәми‘ ал-фауә’ид» («Пайдалы емдер жинағы»), «Ситта-и зарұрийа» («Денсаулықтың алты қажеттілігі»), «Рисәла-и ма’күл уа машрүб» («Ішім-жем туралы трактат») атты өлең жолдарымен жазылған трактаттары бар. Олар

жазба деректерде «Тибб-и Иүсуфи» («Иүсуф медицинасы») деген жалпы атаумен кездеседі.

Отырықшы және көшпенді халықтарды бір мемлекет астына ұйыстыра білген тимуридтер билігі кезінде медициналық шығармалар бірнеше тілде жазыла бастады. Мысалы, кермандық емші Ни‘маталла ибн Муғис ад-дйн (1477 ж.қ.б.) «Бахр әл-хауәсс» («Ерекше қасиеттер теңізі») атты еңбегінде оқырмандарға түсінікті болуы үшін ем-домда қолданылатын шөптер мен терминдердің бес тілдегі (араб, парсы, дари, үнді, түрік) сөздігін құрауы соның бір айғағы. Мухаммад бин Иүсүф әл-Хирауи «Бахр әл-Джауәхйр» («Жауһарлар теңізі») атты араб-парсы медициналық сөздігін құрады. Иүсүф әл-Хаджи әл-Қаршй (XVI ғ.) Ибн Сина еңбектеріндегі емдік шөптер туралы айтқандарын тиянақтап, Биджапур (Индия) сұлтаны, түркімендік Иүсүф ‘Адил шахқа (1450–1510) арнап «Рисәла-и ‘аттар-намә-и ‘Адил шахй» («Әділ шахқа арналған емдік шөптер туралы трактат») еңбегін жазады. Ортағасырларда медициналық трактаттар адамзат игілігі үшін жазылған ортақ мұра ретінде қабылданып, кімнің қай тілде жазғанына қарамастан, қажеттілігіне қарай қолданыла берген.

Әмір Темір мемлекеті тұсында дамыған шипагерлік дәстүр кейін шайбандықтар, аштархандықтар мен Қазақ, Сібір хандықтарында да заңды жалғасын тапты. Өңірде түркі тілінде жазылған көне медициналық трактат (ескі қыпшақ тілінде) 1470 жылы қазақ ханы Жәнібектің (1480 ж.қ.б.) бұйрығымен жазылған емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының (1388–1478) «Шипагерлік баяны». Бірақ бірқатар ғалымдар оның көне шығарма екеніне күмән келтіреді, өйткені түпнұсқасы сақталмаған, Қытайда бірнеше мәрте көшіріліп мәтіндік өзгерістерге ұшыраған қолжазбасының өзі өртке ұшырап (6-мәрте көшіріліп жазылған қолжазбаның 3655 бетінен 1095 беті жеткен) кеткен (Өтебойдақ, 1996: 18)

Аты көпке мәлім тарихшы-жылнамашы, Хива ханы Әбілғазы Баһадүр хан (1606–1664) емшілік өнерге қызыққаны, 1643–1663 жж. аралығында «Манәфи’ ал-инсән» («Адам пайдасы») атты медициналық трактат жазғаны белгілі. Оның шағатай тіліндегі бұл шығармасының бір нұсқасы бүгінде Ташкенттегі Әбу Райхан Бируни ат. Шығыс қолжазбалары орталығында (ШҚО) сақтаулы (инв.№4107), бірақ кешенді зерттеуге алынбаған (Жуманазаров,


2015: 125). Аштарханидтер әулетінен шыққан Мауереннахр билеушісі Сайид Субханкули Баһадүр хан да (1680–1702) кезінде «Табйблік китәбі», «Ихйә’ ат-тибб Субхәни» («Субхан[кули] медицинасының жандануы») атты трактаттар жазып қалдырған. «Табйблік китәбінің» А.Вамбери 1824-26 жж. Орталық Азияға жасаған сапары кезінде Гератта тапқан бір нұсқасы бүгінде Венгрия Ғылым Академиясы кітапханасында (Tögök O. 38) тұр, ал «Ихйә’ ат-тибб Субхәни» қолжазбалары Әбу Райхан Бируни ат. Шығыс қолжазбалары орталығында (инв. № 2101) сақтаулы (Собрание восточных рукописей, 1952: 436/III).

XIV–XVII ғасырлардағы дала халықтарының арасында шипагерлік өнер және емішлік дәстүр жоғары деңгейде болғанын бізге жеткен медициналық мазмұндағы көне мұралар дәлелдейді. Көріп отырғанымыздай, ортағасырлық түркі медициналық трактаттары негізінен дала элиталары арасында немесе билеушілер сарайында жазылған. Осындай медициналық трактаттардың бірі – көшпенді Көшкінші (немесе Көшім хан, 1432–1530) мен оның ұлы Әбу Сағид (1533 ж.қ.б.) ханның жеке дәрігері болған Сұлтан Әлі әл-Хурасанидің «Дастүр ал-‘иләж» («Емшілік дәстүрі») атты трактаты.

«Асрәр ал-атиббә’» трактаты

«Асрәр ал-атиббә’» («Емшілер сыры») медициналық мұрасына алғаш көңіл бөліп, ғылыми ортаға ұсынған француз әскери дәрігері, эпидемиолог-ғалым, Франция Ғылым Академиясының корресподент мүшесі, Ұлттық Медицина Академиясының академигі Джозеф Тулузан (*Joseph-Desire Tholozan*, 1820–1897) болды. Францияның Сыртқы істер министрлігі бірінші дәрежелі танымал дәрігер Тулузанды 1858 ж. Парсы шахы Наср ад-дин Шахтың (1831–1896) дәрігері етіп тағайындайды. Иранда Табйб Тұлұзән Иұнәни есімімен танылған ол медициналық оқу орындарын ұйымдастырушы, эпидемиолог және хирург ретінде шах сарайында 30 жыл Хақим-башы (حكيم باشي) қызметін атқарады. Иранға келмес бұрын ол «Gazette Medical de Paris» басылымының 1850–1856 жж. редакторы болады. 1854-55 жж. Қырым соғысына қатысады, онда ол әскерде тарайтын тырысқак, дизентерия, сүзек, іш сүзегі сияқты жұқпалы аурулар мен солдаттардағы цинк, акродиния жетіспеушіліктері бойынша бақылаулар жасайды. Тулузан эпидемиялық

аурулармен күресу жолында елуге жуық мақала жазады. Тегеранда жүрген жылдары парсы, үнді медицинасымен танысып, парсы тілінде ұмыт қалған екі ортағасырлық трактатты жарыққа шығарады: 1) «Асрәр ал-атиббә’»; 2) «Рисәла дар тибб». (Theodorides, 1998: 96)



1-сурет – Жозеф Дезире Тулузан (1820–1897)

Аталған медициналық шығарма «Asrār al-atiḥbbā’ iā mudjarrabāt īlat Chagātāī» (اسرار الاطباء (مجربات ايلات جغتايي) – «Емшілер сыры немесе Шағатай елдерінің емшілік тәжірбиесі» деген атпен алғаш Джозеф Тулузанның бастамасымен және редакциясымен Тегеранда 1276/1860 жылы, кейін 1963 жылы араға жүз жыл салып екінші мәрте басылып шығады. Кітап кіріспесінде трактаттың қолжазбасы, шығу тарихына шолу жасалады. Тулузан тозығы жеткен, парактары түбінен ажырап ретсіз шашылған қолжазбамен танысуына, беттерін реттеп, баспаға дайындауына екі ай жұмсайды. Оны қолжазба мәтініндегі дәстүрлі шығыс және грек медицинасынан тіпті бөлек ем-дом түрлері қызықтырады. Мәтінімен толық таныса келіп, Орта Азия халықтарына тиесілі екенін және хижра жыл санауымен 910 жылы парсы тіліне түрік тілінен аударылғанын анықтайды. Шығарманы Мирзә Шихаб ад-дйн Сәкиб Дахлауи әл-Хорасәни атты кісі 910/1506 жылы Бомбей арқылы қажылыққа бара жатқан Шахзада Азат Мухаммад Әзім төренің қолындағы шағатай тіліндегі қолжазбасынан аударды (Tūlūzān, 1383: 14). Мухаммад Әзім


төрени *Шахзаде* деп көрсетуіне қарағанда қолжазба иесі де қарапайым адам болмаса керек.

Парсы әдебиеттерінде «Асрār ал-атиббā'» деген қысқа атауымен танылған шығармада жалпы саны 80 аса түрлі аурудың емдік жолдары баяндалады. Кітап мәтінінде алдымен аурудың аты аталып, содан кейін ауруға байланысты ем-домы баяндалады. Трактаттың бір ерекшелігі араулар бала ауруы, әйел ауруы, жұқпалы ауруы деп жіктеліп, әрқайсысына арнайы бөлімдер арналады. Кітаптың бірқатар беттерінде мәтіннің шетіне түрлі дерттің еміне қатысты қосымша материалдар беріледі. Соған қарағанда Тулузан қолжазбаны баспаған даярлау кезінде кей беттің ретін таба алмағандықтан немесе жыртылған беттерінде сақталған мәтіндерді де қамтып беруге тырысқанға ұқсайды. Трактат аударма шығарма болғандықтан ондағы ем-дом жолдары аса жеңіл, барлығына ұғынықты тілмен баяндалады (Tūlūzān, 1383).

«Асрār ал-атиббā'» шығармасының түркі медицинасы жайлы мол мәліметін зерттеу және осы трактаттар деректері негізінде далалық медицина мәдениетін, ерекшеліктерін, көшпенді халықтарының эпидемиялық ауруларға қарсы күресу жолдарын, фармакологиялық білімдерін анықтау мақсатында авторлар ұжымы ҚР ҒЖБМ ҒК 2023–2025 жж. арналған ғылыми

және ғылыми-техникалық зерттеулерге гранттық қаржыландыру конкурсына АР19675139 «Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұралары: «Таңсұқ-нāме Илхāний», «Асрār ал-атиббā'» тақырыбында жоба ұсынып грант ұтып алған болатын. Жобаны аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде А. Наушахи (Naushāhī, 2013), Д. Наджме (Dorri Najmeh), А. Азми (Azmi, 1992) т.б. шетелдік зерттеушілердің құрастырған қолжазба каталогтары арқылы «Асрār ал-атиббā'» трактатының 1044/1635 ж. белігі шығыс шипагері Хақим Низам ад-дин Гайлани (1585–1649) көшірген бір қолжазбасы және «Матаба' Номи Перс» баспаханасында 1276/1860 ж. басылып шыққан алғашқы кітабы Хайдарабād қаласындағы (Индия) Asafiya Library кітапханасында сақталғанын анықталды.

Бірқатар шетелдік зерттеушілер шығарма шағатай тілінен аударылғанын және авторы белгісіз екенін көрсетесе, енді бірі авторлығын баспаға дайындап шығарушы Джозеф Тулузанға, енді бірі беймілнм антикалық дәрігер Тулузан Иунаниге, енді бірі аудармашының немесе көшірушінің атына теліп отыр. Сондықтан «Асрār ал-атиббā'» шығармасының жоғарыда көрсетілген ең көне қолжазбасы және алғашқы баспа кітабы мәтінмен жұмыс жасау аса маңызды болып отыр.



2-сурет – Тегеранда 1383/1963 ж. басылып шыққан «Асрār ал-атиббā'ның» титулдық беттері

Қорытынды және тұжырымдама

«Асрār ал-атиббā'» («Емшілер сыры») атты медициналық трактатының далалық медицина мәдениетінен, ерекшеліктерінен, эпидемиялық ауруларға қарсы көшпенді халықтарының күресу жолдарынан, фармакологиялық білімдерінен мол мәлімет беретін шығарма ретінде бағалауға болады. Шығарманы арнайы зерттесе де түркі тілінде жазылған ортағасырлық шығармаларға шолу еңбектер жазып жүрген белгілі түрік ғалымы Варнер Хайдар мен Идрис Неби Уисал «Асрār ал-атиббā'ны» шағатай тілінде жазылған алғашқы медициналық еңбек деп бағалайды (Vaner, 1939; Uysal, 2020: 380).

Жалпы ортағасырларда жазыла бастаған шағатай тіліндегі медициналық еңбектерге негізінен парсы тіліндегі шығармалардың үлкен ықпалы болғанын білеміз. Ал, түркі тіліндегі медициналық шығармалар ортағасырлардағы медицина дамуына неңдей үлес қосты, орны қандай болды? Бұл сұрақтың басы ғылымда әлі де ашық тұр. Түркі тілінің ықпалы болмады деп айтуға келмейді. Өйткені, XIII ғасырдан бастап Еуразия кеңістігіне түгел дерлік үстемдік жүргізген түркі халықтарының да медицина ғылымы мен мәдениетінде қандай да бір ізі қалмауы мүмкін емес еді. Иран жерінде салтанат құрған илхандықтардың медицинасы туралы белгілі энциклопедист-ғалым, дәрігер Рашид ад-дин Фазлалла Хамадани (1247–1318) «Таңсұқ-нāме Илхāнй» (تنگسوق نامه ایلخانی) атты шығарма

жазған болатын. Шыңғыс хан тарихын жазған жылнамашы, атақты «Джами' ат-тауарих» тарихи шығарманың авторы Рашид ад-дин Хамаданидің бұл шығармасы түркі-моңғол халықтарының емшілік мәдениетінің маңызды дерегі екені отандық ғылымда әлі де ескерусіз қалып келеді. «Таңсұқ-нāме Илхāнй» шығармасы да кезінде түркі тілінен парсы тіліне аударылған болатын. Атауы «Таңсұқ наме» – түркі тіліндегі «таңсық» – таңданарлық, қат, керемет құбылыс деген мағынасында алынған, қазақша «Елхандық таңсық кітабы» деп аударуға болады.

Дәл осылай шамамен XV ғасырда Дешті Қыпшақ даласында жазылған «Асрār ал-атиббā'» шығармасы да көшпелі түркі халықтарының емшілік өнерінен мол мәлімет беретін әлі де болса зерттелмей қалған маңызды дерек. Парсы тіліндегі аудармасымен бүгінге жеткен «Таңсұқ-нāме Илхāнй» (XIII ғ.), «Асрār ал-атиббā'» (XV ғ.), «Дастūr ал-'илāж» (XVI ғ.) т.б. шығармалары далалық медицина дерегі ретінде бағалауға және түркі мұрасы деп тануға әбден болады. Бұл шығармаларды кешенді зерттеу біздің дала медицинасы жайлы танымымызды одан да әрі кеңейте түсері анық.

Мақала AP19675139 «Ортағасырлық түркі медицинасының парсы тіліндегі мұралары: «Таңсұқ-нāме Илхāнй», «Асрār ал-атиббā'» гранттық жоба аясындағы зерттеулер бойынша жарияланды.

Әдебиеттер

- Afanasyeva, A. (2010). Russian Imperial Medicine: The Case of the Kazakh Steppe // *Crossing Colonial Historiographies: Histories of Colonial and Indigenous Medicines in Transnational Perspective*. Newcastle: Cambridge Scholars Publishing. 57–75. <https://www.cambridgescholars.com/resources/pdfs/978-1-4438-2154-4-sample.pdf>
- Alakbarli, F. (2006). Systematic analysis of Animals used in Medical Azerbaijan // *Vesalius. Official Journal of the International Society for the Mistory of medicine*. 12(1), 18–22. PMID: 17153727.
- Azmi, A. (1992). *Tarikh-i Tibb wa Attiba' Daur-i Mughaliyah*. Delhi: Maktabah Qasmi.
- Bodroglieti, A. (1973). The Medical Terminology in the Kitāb baytarat al-vāzih, a Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Medicine. *Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi*. №21 (31). 115–125. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/157892>
- Elgood, C. (1970). *Safavid Medical Practice: The Practice of Medicine, Surgery and Gynaecology in Persia Between 1500 A.D. and 1750 A.D.* Luzac, University of Michigan.
- Karoly, L. (2014). *A Turkic Medical Treatise from Islamic Central Asia: A Critical Edition of a Seventeenth Century Chagatay Work by Subhān Qulī Khan / M. Drompp; D.DeWeese; M.C. Elliott.* (Eds.) Leiden: BRILL.
- Kriye, A. (2014). *Türkiye Türkleri Ile Uygur Türklerinin Hoten-Konya Illeri Çevresinde Halk Kültürü Bakimindan Karşılaştırılması*. [Yüksek Lisans Tezi, İstanbul Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü]. <http://nek.istanbul.edu.tr:4444/ekos/TEZ/51540.pdf>
- Naushāhī, A. (2013) *Kitāb shināsi-yi āthār-i Fārsi-yi chāp shuda dar shibh-i qāra* (Hind, Pākistān, Banglādish), 1160-1387/1781-2007. V.4. Tehran: Mirās-i maktūb.
- Theodorides, J. (1998). Tholozan and Persia. *History of Science*, No.32(3). 287-296.

Tūlūzān, Iūnānī. (1383). *Asrār al-aṭibbā' iā mudjarrabāt Iīlat Čaġatāī*. Tehrān: Muassase-ie muṭāla'āt-e tarīkh, ṭibb-e islāmī. S. 101.

Uysal, İ. N. (2020). Türk Dili Tarihinde Çağatay Türkçesiyle Yazılmış Tıp Metinleri ve Tabibçılık // *Tarihsel ve Çağdaş Türk lehçelerinde Tıp: Metinler, Tarih, Uygulamalar, Kavramlar, Terimler*. Ankara. 375–392. https://www.researchgate.net/publication/347555830_Turk_Dili_Tarihinde_Cagatay_Turkcesiyle_Yazilmis_Tip_Metinleri_ve_Ta_bibcilik#fullTextFileContent

Vaner, H. (1939). «Esrarü'l-Etibba» Türk-Çağatay İllerinin Tıp Kitabı. *Türk Tıp Tarihi Arkivi*. C.3 (12). 128-134.

Аалиева, Г.К., Тентигулкызы Н. (2017). Эволюция народной медицины и ее место в социальной структуре кыргызов по эпосу «Манас». *Интерактивная наука*. №12. 111–120.

Алекторов, А.Е. (1886). Киргизы // ОЛ. – № 13-20, № 22-25.

Арцишевский, А. (2006). Этюды о врачевателях и фармацевтах. Алматы: Эмити.

Васильев, А.В. (1902). Народные способы врачевания у киргиз Тургайской области // Тургайская газета. С. 22–47.

Воробьев, А.А., Петрова И.А. (2005). *Хирургия в изобразительном искусстве*. Волгоград: Издательство ВолГМУ.

Гиппократ (1936) О воздухах, водах и местностях // Избранные книги / Пер. с греч. проф. В. И. Руднева. Москва: Государственное издательство биологической и медицинской литературы.

Жуманазаров, Х.С. (2015). Ham hukmdor, ham tabib // *Tafakkur*. №3. С. 125-126.

Лосьев, И. (1875). Медицина в Киргизской степи // Московская газета. №28.

Мирский, М.Б. (2005). Медицина России X–XX веков: очерки истории. М.: РОССПЭН.

Өтеубойдақ, Тілеуқабұлұлы. (1996). Шипагерлік баяны / Араб қарпінен көшіргендер К. Елемес, Д. Мәсімхан. Алматы: Жалын.

Переверзев, В.Г. (2002). Лекарственная помощь и история становления аптечного дела в Казахстане. *Казахстанский фармацевтический вестник*. № 21 (169).

Собрание восточных рукописей Академии наук Узбекской ССР. (1952). Под ред. чл.-кор. АН УзССР, д.и.н., проф. А.А. Семенова. Т. 1. Ташкент: УзССР Фанлар Академиясининг нашрети.

Субханбердин, С.Х. (1967). Лекарственная политика и история развития аптечного дела в Казахстане. [Автореферат на соискание ученой степени канд. фарм. Наук. Алматы,]

Телеубаев, Ә.Т. (2006). Қазақтағы бақсылық // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.1. Алматы: Арыс.

Уәлиханов, Ш. (1985). Қазақтардағы шамандықтың қалдығы / Таңдамалы. Алматы: Жазушы.Б. 520.

Ягмин, А. (1845). Киргиз-кайсатские степи и их жители. СПб. VI.

References

Aaliyeva, G.K., Tentigulkyzy, N. (2017). Evolyutsiya narodnoy meditsiny i yeye mesto v sotsial'noy strukture kyrgyzov po eposu «Manas». *Interaktivnaya nauka*. No.12. 111–120.

Alekторов, A.Ye. (1886). Kirgizy. *OL*. No.13-20, No. 22-25.

Artsishevskiy, A. (2006). Etudy o vrachevatel'yakh i farmatsevtakh. Almaty: Emiti.

Vasil'yev, A.V. (1902). Narodnyye sposoby vrachevaniya u kirgiz Turgayskoy oblasti. *Turgayskaya gazeta*. 22–47.

Vorob'yev A.A., Petrova I.A. (2005). *Khirurgiya v izobrazitel'nom iskusstve*. Volgograd: Izdatel'stvo VolGMU.

Gippokrat. (1936). O vozdukhakh, vodakh i mestnostyakh. Izbrannyye knigi. Per. s grech. prof. V. I. Rudneva. Moskva: Gosudarstvennoye izdatel'stvo biologicheskoy i meditsinskoy literatury. S. 275–306.

Zhumanazarov, KH.S. (2015). Ham hukmdor, ham tabib. *Tafakkur*. No.3. 125-126.

Los'yev, I. (1875). Meditsina v Kirgizskoy stepi. *Moskovskaya gazeta*. No.28. 864.

Mirskiy M.B. (2005). Meditsina Rossii X–XX vekov: ocherki istorii. M.: ROSSPEN. 107.

Өтеубойдақ, Тілеуқабұлұлы. (1996). Шипагерлік баяны. Arab qarpinen köshirgenger K. Yelemes, D. Mäsımkhan. Almaty: Zhalyн. 464.

Pereverzev, V.G. (2002). Lekarstvennaya pomoshch' i istoriya stanovleniya aptechnogo dela v Kazakhstane. *Kazakhstanskiy farmatsevticheskiy vestnik*. No. 21 (169).

Sobraniye vostochnykh rukopisey Akademii nauk Uzbekskoy SSR. (1952). Pod red. chl.-kor. AN UzSSR, d.i.n., prof. A.A. Semenova. T.1. Tashkent: UzSSR Fanlar Akademiyasinig nashreti.

Subkhanberdin, S.KH. (1967). Lekarstvennaya politika i istoriya razvitiya aptechnogo dela v Kazakhstane. [Avtoreferat na soiskaniye uchenoy stepeni kand. farm. Nauk]. Almaty.

Töleubayev, A.T. (2006). Qazaqtaғы baqsylыq. Kazak khalkynyñ дәstürleri men әдет-ғұрыptary. V.1. Almaty: Arys. 291-316.

Ualikhanov, Sh. (1985). Kazaktardaғы shamandyktyñ kaldyғы. Tandamaly. Almaty: Zhazushy. P. 520.

Yagmin, A. (1845). Kirgiz-kaysatskiye stepi i ikh zhiteli. SPb. VI.77.